

Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп - лицей
2023-2024 оқу жылы бойынша
бір мезгіл ыстық тамақпен оқушылардың қамтылуы
және санитарлық - гигиеналық талаптардың
сақталуы туралы

АНЫҚТАМА

Білім және ғылым министрлігінің 2018жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын басшылыққа ала отырып, төмендегідей жұмыстар ұйымдастырылып, жүргізілуде.

2018жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларының 109 тармағын басшылыққа ала отырып, мектеп - лицей директорының бұйрығымен қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар комитетінің төрағасы, мектеп әкімшілігі өкілдері, мектеп-лицей мейіркештерінің қатысуымен тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылды. 2023- 2024 оқу жылына арналған тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның жұмыс жоспары бекітілді.

Бекітілген жұмыс жоспары бойынша асхана блогындағы қызметтің талапқа сай жұмыс жасауына комиссия мүшелері айына екі рет тамақтану сапасына мониторинг жұмыстарын жүргізеді. Тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларының 109 тармағына сәйкес тамақтануды ұйымдастыру кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тамақтанудың тиісті жағдайлары қамтамасыз етіледі. Мектеп асханасындағы жұмыстың талап деңгейінде болуы, ыстық тамақтың талапқа сай берілуі және асханадағы материалдық құндылықтардың талапқа сай жұмыс жасауын комиссия мүшелері мерзімінде қадағалау жұмыстарын жүргізіп, тамақтану сапасына мониторинг актісі бойынша баға береді.

«Тамақтану айдары» бойынша мектеп - лицейіміздің ресми сайтына тамақтану сапасын мониторинг жүргізу актісі, бекітілген 4 апталық ас мәзірі, хаттама мерзімінде енгізілді.

Жеке кәсіпкер «Панова Бақыттың» объектінің қолданыстағы талаптарға сәйкестігі туралы санитарлық - эпидемиологиялық қорытындысы бар. Ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиенасы мен медициналық тексеруден өткендігі туралы жеке медициналық кітапшалары мектеп - лицей мейіркештерінің қадағалауында. Асхана ыдыстарында жарықтары, сынығы бар, шеттері сынған ыдыстарды пайдалануға жол берілмейді. Қойма бөлмелеріндегі тамақ өнімдерінің талапқа сай тауар қоятын орындарда болатындығы қадағаланады. Сатуға тыйым салынған өнімдердің ас блогында сатылымда жоқ екендігі бақыланып отырылады.

2024 жылдың 3 қаңтар күні аудандық білім бөлімінің қатынасымен келген «Қыс көктем» ас мәзірі, «Жаз - күз» ас мәзірі бекітіліп, III оқу тоқсанынан бастап ас мәзіріне сәйкес оқушыларға берілуде.

III оқу тоқсанынан бастап 1-4 сыныптан 813 оқушы, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан 65 баланың тамақтануы ұйымдастырылған. Мектеп - лицей директорының бекітілген тамаққа бару кестесімен 1-4 сынып оқушыларын тамаққа алып келу, алып қайту қауіпсіздігін сақтау сынып жетекшілерге міндетелінген.

Сілтемесі: <https://www.facebook.com/share/p/ToAoGuBd7ZeLkfZV/>

Әлеуметтік педагог:  Ж.Рахметова

Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп - лицей

**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия
мүшелерінің асхана қызметіне рейд жұмысы**

2023- 2024 оқу жылы

